

## **ЖШС «Нұр- Бебек» мектепке дейінгі шағын орталығы**

4 хаттама

«Нұр- Бебек» мектепке дейінгі шағын орталығының өндірістік жиналышы

31 мамыр 2022 жыл

Қатысушылар:10

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оку жылшының корытындысы
2. 2022 жылғы жазғы сауықтыру жұмыстары
3. Жазғы демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздік шаралары

Бірінші мәселе бойынша орталық әдіскері оқу жылшында жоспарға сәйкес барлық іс шаралар өткізілгендейтін атап көрсетті. Тәрбиешілер әртүрлі семинарларға қатысын өз біліктіліктерін көтеру үшін жан-жакты ізденісте. Топтардағы бала саны біршама толықты. Жалпы жылдық жоспарды түгелімен толық орындалды, орталық түлектерімен қоштасу кеші жоғары дәрежеде өткізілгендейтін және балалардың мектепке дайын екендігі жайлар айтып отті. өткізіліп, мектепке шығарып салдық. Ендігі міндет сол кеткен балалардың орнын толтыру.

Жазғы сауықтыру шараларының жоспары жасалды. Ең алдымен ата-аналарға жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары ескертіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Балалардың денсаулығын нығайту үшін су процедуralары, күммен ойнау, түрлі спорттық шаралар өткізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар «1- маусым балаларды қоргау» күніне орай денсаулық күнін өткізбекшіміз.

Үшінші мәселе: Жазғы демалыс кезінде балалар қауіпсіздігі туралы ата-аналар үшін жадынама берілді. Балалардың демалып және сау болуы үшін, ата-аналармен, туысқандармен, достарымен демалысты үйымдастыру кезінде бірқатар ережелер мен талаптарды есте сақтау керектігі, балалар бойына жеке қауіпсіздігін сақтау дағдыларын қалыптастыру, балалармен жеке әңгіме жүргізу, маңызды ережелерді түсіндіру, оларды ұстану өмірлерін сақтауы мүмкіндігі мен баланың бос уақыты мәселесіне көніл бөлу кажеттігін қатаң ескертті.

Есте сақтаңыз! 1. Өз балаңыздың қайда, кіммен жүргені туралы үнемі біліп отырыңыз; барған орнын бақылаңыз; бөгде адамдармен сойлесуге тыйым салыңыз. Балаңызға егер біреу оған киянат жасағысы келсе, әрқашан кімге болса да «жоқ» деп айтуда толық күкірткыштың бар екенін түсіндіріңіз; қандай жағдай болмасын танымайтын адамдардың көлігіне отыруға болмайтынын түсіндіріңіз;

2. Судағы жұзу мен ойындар рақаттанғаннан басқа баланың өмірі мен денсаулығына қауіп тұғызады. Балаңыз суда болған уақытта одан көз алмаңыз, басқа нәрсеге алданбаңыз- сол сәттегі минут қайғылы жағдайға үшіретуы мүмкін, балаларға жалғыз суда шомылуға, сонымен қоса білмейтін жерде сұнгуге болмайтынын міндепті түрде түсіндіріңіз, балаларға қарап отырған ересек адамның өзі де жүзуді, алғашық көмек көрсетуді білуі тиіс, қолдан дем алдыру мен тікелей емес жүрек үқалауын жасауды жүргізуі білуі тиіс.

3. Жол-көлік уақығасының күрбаны немесе себепші болмауы үшін, балаларға жол жүру ережелерін үйрету қажет, жолда және қоғамдық көліктегі мұқият болуды үйретіңіз; балалармен ойын және спорт алаңында, жорыққа шыққанда абайлаңыз және қауіпсіздік талаптарын сақтаңыз;

4. Отпен мұқият болыныздар. Отпен мұқият болмағандықтан өрт жағдайларының кең тараған уақығаларына балалардың назарын аударыңыз; баланың отпен сотқарлығы; сөндірілмеген көмірлер; сөндірілмеген темекі қалдықтары, сіріңкелер; саяжай мен орман жиегіндегі жер иелерінің коқысты жағулары; шөптерді өртеу; қыска мерзімге тұйықталу; электротехникалық құрылғыларды, тұрмыстық құралдарды, пештерді пайдалану.

5. Балалар табиғаттан бейқам және сенгіш екенін есте сақтаңыз. Балаларда алаңғасарлық болатына назар аударыңыз. Сондықтан, өзін ұстаудың оңай ережелерін балардың есіне жиі салуыңыз, олардың есте сақтарап және оны қолдануына мүмкіндік береді. Тәрбиешілер ата- аналармен жұмыс барасында осы ережелерді үнемі есте сақтаулары қажеттігі жөнінде тапсырма берілді..

### **31 мамыр 2022 жылғы өндірістік жиналышының шешімі:**

1. Жылдық жоспарды орындауды жақсарту, әр түрлі байқауларға қатысу;
2. Жазғы сауықтыру шаралары кезінде балалардың денсаулығына мұқият қарастыру;
3. Ата-аналармен балалардың қауіпсіздігі туралы жиі хабарласып, ескертіп тұру.

Орталық мемлекеттік



Т.А.Төлен